



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ
Психологиялық қызмет

**Жатақхана жағдайын және педагог-тәрбиешілердің, коменданттың
жұмысын бағалайтын сауалнаманың нәтижесі**

Атырау - 2023 жыл

Жатақхана студенттеріне арналған сауалнаманы талдау

Бұл сауалнаманы жүргізудегі мақсат, жатақхана жағдайын және педагог-тәрбиешілердің, коменданттың жұмысын бағалау. Біздің университетімізде студенттер үшін 4 жатақхана жұмыс жасайды. Олар: №1 жатақхана, №3 жатақхана, «Дана» жатақханасы және С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің жатақхасы. Әр жатақханада педагог-тәрбиешілер студенттермен тығыз қарым-қатынас жасай отырып кезекшілік атқарады.

Зерттеу барысы:


Жатақханада тұратын студенттерге электронды нұсқада «Google Формасында» 10 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтар болсақ: № 1, 3, Дана, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің жатақханада тұратын студенттері үшін.

Сауалнамаға қатысушылар саны **262 студент**. 1,2,3,4 курс студенттері. Сауалнамада келесі мәселелер зерттелді:

- Факультеті;
- Қай жатақханада тұратыны;
- Жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынасы;
- Педагог-тәрбиешілермен және комендатпен қарым-қатынасы;
- Жатақхана тазалығы;
- Педагог-тәрбиешінің және комендаттың жұмысын жақсарту үшін ұсыныстары;
- Жатақхана қауіпсіздігі;
- Жатақханадағы шаралардың өтуі;


Сауалнама нәтижелері:

1.Сіз қай факультет студентісіз?




Сауалнамаға жауап беруші студенттердің 30,2%-ы Көптілді білім беру, 18,7%-ы Физика, математика және ақпараттық технологиялар, 17,6%-ы Инновациялық білім беру, 13,7%-ы Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар, 10,3%-ы Гуманитарлық және өнер факультеті, 9,5%-ы Экономика және құқық факультетінің студенттері.

2.Қай жатақхана студентісіз?




Студенттердің 49,2%-ы №1 студенттер үйінің, 28,6%-ы Дана студенттер үйінің, 22,1% -ы С.Өтебаев студенттер үйінің студенттері жауап берген.

3.Сізде жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынаста қиындықтар бар ма?




Студенттердің 96,6%-ның жатақхана әкімшілігімен қарым-қатынасы жақсы болса, қалған 3,4%- да келіспеушіліктер болып тұрады деп жауап берген.

4. Сіздің жатақхана педагог-тәрбиешілерімен қарым-қатынасыңыз қандай?




Жатақхана педагог-тәрбиешілерімен студенттердің 33,2%-ы жақсы араласамыз десе, 17,6%-ы қарым-қатынасымыз керемет, 15,3%-ы орташа десе, 30,9%-ы таза формальды қарым-қатынаста, ал қалған 2,3%-ы кей-кездері келіп тұрады, 0,8%-ы мүлде араласпаймыз деп жауап берген.

5. Жатақхана комендатымен қарым-қатынасыңыз қандай?



Жауап берушілердің 32,8 %-ы жатақхана комендатымен жақсы араласамыз десе, 13,4%-ы қарым-қатынасымыз керемет, 16,8%-ы орташа деп жауап берсе, 31,7%-ы таза формальды қарым-қатынас, 1,9%-ы кей кездері келіп тұрады десе, қалған 3,4%-ы мүлде араспайтындығын көрсеткен.

6. Жатақхана тазалығы қаншалықты көңіліңізден шығады?



Жатақхана тазалығын студенттердің 95,8 %-ы қанағаттанарлық десе, 4,2%-ы (11 студент) қанағаттандырмайды деп жауап берген.

7. Педагог-тәрбиешілердің жұмысын жақсарту үшін не ұсынар едіңіз?



Студенттердің 27%-ы ұсынысым жоқ десе, 34%-ы барлығы жақсы, өз жұмыстарын біледі, 13%-ы студент пен педагог-тәрбиеші арасындағы байланысты нығайта түссе, дұрыс қарым-қатынас, іс-шаралар өткізсе, студенттің ойын тыңдай білсе, қадағалап, бақылау жұмыстарын жүргізсе, жаңа көзқарас керек, тефальға рұқсат етсе, ұрыса бермесе деп жауап берген. Қалған 13%-ы білеймін, студенттердің 13%-ы сұраққа жауап бермеген.

8. Жатақхана коменданттының жұмысын жақсарту үшін не ұсынар едіңіз?



Жауап берушілердің 7%-ы жақсы қарым-қатынас, студенттің жағдайын түсіне білу, 5%-ы фает, вай фает, шкафтар, микроволновка, жаңа плиталар алдыртса десе, 32%-ы коменданттың жұмысы жақсы деп жауап берген. Қалған 38%-ы ұсынысым жоқ десе, 18%-ы білмеймін деп және жауап бермеген студенттерде болды.


9. Өзіңізді жатақханада қаншалықты қауіпсіз сезінесіз?



64,1%-ы өзімді жатақханада толықтай қауіпсіз сезінемін десе, 29,8%-ы қанағаттанарлықтай деп жауап бесе, қалған 4,2%-ы қауіпсіздікті әлі де

дұрыстау қажет, 1,9%-ы өзімді мүлде қауіпсіз сезінбеймін (5 студент) деп жауап берген.

10. Жатақханада шаралар қаншалықты жиі өтеді?



Студенттердің 43%-ы жатақханада шаралар үнемі өтеді десе, 35,2%-ы айына 1-2 реттен, 15,1%-ы аптасына 1 реттен өтеді деп жауап берген. Қалған студенттердің 3,2%-ы шараларға қатыспайтындығын, білмейтіндігін көрсеткен, 2,1%-ы мүлде өтпейді десе, 1,4%-ы өте аз болады, әр кезде әрқалай деп жауап берген.

Сауалнама қорытындысы: Жатақхана жағдайын және педагог-тәрбиешілердің, коменданттың жұмысын бағалау мақсатында студенттерге сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға 262 студент қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша, студенттердің жатақхана әкімшілігімен және педагог-тәрбиеші, комендантпен қарым-қатынастары жақсы деңгейде. Және педагог-тәрбиешілердің, жатақхана комендантының жұмысын әлі де жақсарту үшін студенттер өз ұсыныстарын да көрсеткен.

Психологиялық қызмет

Исатайқызы Б.